Келісілді: ______________
№ 8 «Күншуақ » бөбекжай балабақша
әдіскері А.Т Атыгаева
«_02_»_____09_______ 2025 ж.

Бекітемін:______________
№ 8 «Күншуақ » бөбекжай балабақша
меңгерушісі Ж.А Саутбекова
«_02_»_____09_______ 2025 ж

**2025-2026 оқу жылы**

**Жалпы сөйлеу тілі дамымаған І-деңгейдегі 3-4 жастағы баламен жүргізілетін ұйымдастырылған іс-әрекеттің бағдарламасы**

**Бірінші жартыжылдық (қыркүйек-желтоқсан)**

**Логопед: Кенжеғалиева Г.К**

## Түсінік хат

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған І-деңгейдегі 3-4 жастағы баламен жүргізілетін түзете-дамыту бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының арнайы түзету қызметіне сәйкес және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Типтік оқу бағдарламасының (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) негізінде құрастырылған.

Бағдарлама ЖСТД І-деңгейдегі баланың жас ерекшеліктерін, сөйлеу тілінің даму сатыларын және логопедиялық диагностиканың нәтижелерін ескере отырып құрастырылды. Негізгі мақсат – сөйлеу тілінің әртүрлі компоненттерін кешенді түрде дамыту арқылы балалардың жалпы қарым-қатынас қабілеттерін арттыру және мектепке дейінгі білім алуға дайындықтарын қамтамасыз ету.

*Бағдарламаның міндеттері:*

- Импрессивті сөйлеу: бір және көп затты ажырата білуге үйрету, қарапайым сөздер мен нұсқауларды түсіну, қарама-қарсы әрекеттерді қимылмен көрсетуге дағдыландыру.
- Экспрессивті сөйлеу: бір буынды сөздерді айту, ашық буындарды қайталау, қарапайым сын есімдерді қолдану, зат пен сын есімді сәйкестендіру.
- Байланыстырып сөйлеу: суретке қарап қарапайым сөйлем құрастыру, қимылды сөзбен толықтыру, сұраққа қысқа жауап беру, тақпақтың соңғы сөзін қайталау.
- Фонематикалық түсініктер: қарапайым дыбыстарды тыңдап ажырату, бір буынды және екі буынды сөздерді айтуға ынталандыру, артикуляциялық жаттығулар орындау.
- Коммуникативтік дағдылар: ым-ишараны қолдану, дайын сұрақ-жауап үлгісін пайдалану, қарапайым сыпайылық формулаларын меңгеру, эмоцияны танып білдіру.

**Түзете-дамыту бағдарламасы**
**ЖСТД 1- деңгей ортаңғы топ, І-жарты жылдық**

Бағдарламаны әзірлеу күні **15.09.2025ж**
Баланың тегі, аты, әкесінің аты **Бекетай Арлан Ермекұлы**
Жасы. **3 жаста**
Мамандар (бейін) **Логопед**

| **Мерзімі** | **Даму жұмысының бағыты**<br>**Мақсат және күтілетін нәтиже** | **Жетістіктерін белгілеу** | **Ескертпе** |
|---|---|---|---|
| | **Импрессивті сөйлеуді дамыту** | | |
| **Қыркүйек-желтоқсан** | - Бір және көп затты ажыратуды сурет бойынша үйрену: «Бір доп – көп доптар», «Бір алма – көп алмалар»;<br>- Жекеше түрді суреттің көмегімен танып түсіну (мысалы: «Бала отыр», «Қоян жүгіріп жүр»);<br>- Негізгі сөздерді ойын арқылы түсіну (мысалы: «ит», «мысық»), кейін кішірейткіш формасын таныстыру («итше», «мысықша»);<br>- Қарапайым қарама-қарсы әрекеттерді қимылмен көрсету арқылы түсіну (мысалы: отыр – тұр, жүр – тоқта);<br>- Заттың иесін көрсету (менің добым, анамның сөмкесі) – көрсетіп, қайталауға дағдыландыру;<br>- Жекеше зат есім мен етістік қолдануға үйрету: «Қоян секіреді», «Бала жейді»; | | |
| | **Экспрессивті сөйлеуді қалыптастыру** | | |
| **Қыркүйек-желтоқсан** | - Заттың негізгі бөліктерін көрсетуге үйрету; (құлақ, көз, аяқ, дөңгелек) – «Машинаның не бар?»;<br>- Түсі бойынша топтауды дағдыландыру (барлық қызыл заттар, көк ойыншықтар);<br>- Қарама-қарсы қарапайым сын есімдерді айтуға үйрету (үлкен–кіші, жылы–суық);<br>- Бір буынды сөздер айтуды қалыптастыру (ат, доп, нан); | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | - Дауысты дыбыстардан тұратын ашық буындарды айтуды қалыптастыру (а, ма, ба);<br>- Сөзжасамның алғашқы дағдыларын дайын сөздерді қолдануға үйрету (үй, ит, доп);<br>- Кішірейткіш-еркелету мәніндегі заттарды үлкен/кіші затты көрсетуге дағдыландыру (доп – допша);<br>- Табыс септігін қолдануды қалыптастыру («допты ал», «мысықты көр»);<br>- Қарапайым бұйрық формасын қолдануын алыптастыру («кел», «ал», «тұр»);<br>- Зат + сын есім (үлкен үй, қызыл алма) сәйкестендіруге дағдыландыру; | | |
| **Қыркүйек-желтоқсан** | **Байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру** | | |
| | - Зат + әрекет құрылымындағы қарапайым сөйлемдерді ересекпен бірге қайталауды немесе суретке қарап айтуды қалыптастыру (мысалы: «Доп домалап жатыр», «Мысық отыр»);<br>- Суретке қарап бір әрекетті сипаттауға үйрету: «Бала ұйықтап жатыр» қимылмен көрсетіп, сөйлеумен толықтыру (баланың өзі қолмен көрсетіп – «ішіп жатыр» деп айту);<br>- Дайын үлгі сұрақтарды жатқа айту және сұраққа жауап беру: «Бұл не?» – «Доп» «Бұл кім?» – «Ана» жай ыммен/көрсетумен қатар айтуға үйрету;<br>- Қарапайым, қысқа тақпақтың соңғы сөзін қайталауды қалыптастыру «Алма деймін ал қызыл, (балалар: Қолыңды бер тез бізге!)»;<br>- Бір-екі жолдық жаттанды тіркесті есте сақтауға дағдыландыру; | | |
| **Қыркүйек-желтоқсан** | **Фонематикалық түсініктердің алғышартын қалыптастыру** | | |
| | - Қарапайым дыбыстарды тыңдау және қайталауға үйрету (ысқырық, қоңырау, сағат тықылы, ит үру);<br>- «Қай дыбыс шықты?» – дыбысты тыңдап, ыммен немесе суретпен көрсетуін қалыптастыру;<br>- Қарапайым артикуляциялық жаттығуларды орындауға үйрету; | | |

Келісілді: ________________
№ 8 «Күншуақ » бөбекжай балабақша
әдіскері Г.Т Мамырова
«06» 01 2026 ж.

Бекітемін: ________________
№ 8 «Күншуақ » бөбекжай балабақша
меңгерушісі м.а Г.Т Мамырова
«06» 01 2026 ж

**2025-2026 оқу жылы**

**Жалпы сөйлеу тілі дамымаған І-деңгейдегі балалармен жүргізілетін топтық ұйымдастырылған іс-әрекеттің бағдарламасы**

**Екінші жартыжылдық (қаңтар-мамыр)**

**Логопед: Курманбаева А.К**

## Түсінік хат

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған І-деңгейдегі 3-4 жастағы балалармен жүргізілетін түзете-дамыту бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының арнайы түзету қызметіне сәйкес және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Типтік оқу бағдарламасының (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) негізінде құрастырылған.

Бағдарлама ЖСТД І-деңгейдегі балалардың жас ерекшеліктерін, сөйлеу тілінің даму сатыларын және логопедиялық диагностиканың нәтижелерін ескере отырып құрастырылды. Негізгі мақсат – сөйлеу тілінің әртүрлі компоненттерін кешенді түрде дамыту арқылы балалардың жалпы қарым-қатынас қабілеттерін арттыру және мектепке дейінгі білім алуға дайындықтарын қамтамасыз ету.

*Бағдарламаның міндеттері:*

- *Импрессивті сөйлеу:* лексикалық тақырыптар бойынша қарапайым сөздерді тану, етістіктердің негізгі формасын түсіну, тәуелдік және кішірейткіш-еркелету формаларын қолдану.
- *Экспрессивті сөйлеу:* екі буынды сөздерді анық айту, «Кім?», «Не?» сұрақтарына жауап беру, бұйрық райды қолдану.
- *Байланыстырып сөйлеу:* 2–3 сөзден тұратын сөйлемдер құрастыру, қысқа тақпақтарды жаттау, сөйлеуде морфологиялық элементтерді пайдалану.
- *Фонематикалық түсініктер:* жануарлар дауыстарын ажырату, ұқсас сөздерді қайталау, екі буынды ашық сөздерді анық айту.
- *Коммуникативтік дағдылар:* бет-әлпеттен эмоцияны тану, отбасындағы қарым-қатынас сөздерін қолдану («Ана», «Әке»), өз әрекетін бір сөзбен сипаттау, құрдастарымен қарапайым диалогке қатысу.*Бағдарламаның мазмұны:*

Бағдарлама екі жартыжылдыққа бөлінген: ІІ жартыжылдық (қаңтар-мамыр): балаларды сөйлеудің құрылымдарына үйрету, сөздік қорды байыту, дыбыстық және фонематикалық қабылдаудың алғышарттарын дамыту.

**Түзете-дамыту бағдарламасы**
**ЖСТД 1- деңгей орта топ, II-жарты жылдық**

Бағдарламаны әзірлеу күні **06.01.2026 ж**
Баланың тегі, аты, әкесінің аты **Бекетай Арлан Ермекұлы**
Жасы. **3 жаста**
Мамандар (бейін) **Логопед**

| **Мерзімі** | **Даму жұмысының бағыты**<br>**Мақсат және күтілетін нәтиже** | **Жетістіктерін белгілеу** | **Ескертпе** |
|---|---|---|---|
| **Қаңтар-мамыр** | **Импрессивті сөйлеуді дамыту** | | |
| | - Лексикалық тақырыптар бойынша суретпен жұмыс арқылы қарапайым сөздерді тануын қалыптастыру (доп, үй, мысық);<br>- Етістіктің негізгі формасын түсінуін дамыту (жеді, ішті);<br>- «Кеше не істедің?» «Ойнадым» деген жауапты жаттауға үйрету;<br>- Зат есімнің (табыс септігін еркін қолдануын бекіту (допты, сәбізді);<br>- Етістіктердің мағынасын өзгертетін қосымшаларды түсіну - ды/-ді жалғауын тануды қалыптастыру («жеді», «алды»);<br>- Тәуелдік сын есімдер мен кішірейткіш-еркелету сөздерді түсінуін қалыптастыру: «Менің», «сенің» сөздерін көрсету; | | |
| **Қаңтар-мамыр** | **Экспрессивті сөйлеуді қалыптастыру** | | |
| | - Бір затты атауға үйрету («алма», «доп»);<br>- Екі буынды сөздерді анық айтуға үйрету (МА-ма, ДО-па);<br>- «Кім?», «Не?» сұрақтарына бір сөзбен жауап беруге үйрету;<br>- Бұйрық райды қолдануды үйрету (Бар! Суреттен көрсету); | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қаңтар-мамыр | **Байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру, бірақ балалардың сөйлеуінде морфологиялық элементтердің болуына көңіл аудару** | | |
| | - Жайылма сөйлем құрастыруды қалыптастыру: 2–3 сөздік сөйлемдер («Мысық отыр», «Ана тамақ ішіп отыр»);<br>- Қысқа тақпақтарды жаттау:соңғы сөзін қайталауға үйрету; | | |
| Қаңтар-мамыр | **Фонематикалық түсініктердің алғышартын қалыптастыру** | | |
| | - Жануар дауыстарын тануын қалыптастыру (мяу, гав-гав);<br>- Ұқсас сөздерді қайталауға дағдыландыру (доп – топ);<br>- Ашық 2 буынды сөздерді анық айтуын дамыту айту (мама, ата); | | |
| Қаңтар-мамыр | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | | |
| | - Бет-әлпеттен қуаныш/ренішті тануға үйрету;<br>- Отбасымен қарым-қатынас жағдайындағы дағдыларын дамыту арқылы Ана, әке сөздерін айтуға үйрету;<br>- Өз әрекетін сипаттауға үйрету: бір сөзбен айту (ойнадым).<br>- Құрдаспен қарым-қатынас орнатуды дамыту: «Сәлем!», «Бер!» деген командаларды қолдану;<br>- Мимика және пантомимика арқылы басты эмоцияларды көрсету (қуану, ренжу, таң қалу). | | |

**Түзете-дамыту көмегінің нәтижелері**

**Маман қорытындысы**

Келісілді: ____________

№ 8 «Күншуақ » бөбекжай балабақша
әдіскері А.Т Атыгаева
«02» 09 2025 ж.

Бекітемін: ____________

№ 8 «Күншуақ » бөбекжай балабақша
меңгерушісі Ж.А Саутбекова
«02» 09 2025

**2025-2026 оқу жылы**

**Жалпы сөйлеу тілі дамымаған ІІ-деңгейдегі 5-6 жастағы балалармен жүргізілетін ұйымдастырылған іс-әрекеттің бағдарламасы**

**Бірінші жартыжылдық (қыркүйек-желтоқсан)**

**Логопед: Кенжеғалиева Г.К**

## Түсінік хат

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған ІІ-деңгейдегі 5-6 жастағы балалармен жүргізілетін түзете-дамыту бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының арнайы түзету қызметіне сәйкес және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Типтік оқу бағдарламасының (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) негізінде құрастырылған.

Бағдарлама ЖСТД ІІ-деңгейдегі балалардың жас ерекшеліктерін, сөйлеу тілінің даму сатыларын және логопедиялық диагностиканың нәтижелерін ескере отырып құрастырылды. Негізгі мақсат –қарапайым сөздер мен нұсқауларды түсінуін дамыту, сөздік қорын толықтыру, сөйлемнің қарапайым құрылымдарын меңгерту және қарым-қатынасқа қатысуға ынталандыру.

*Бағдарламаның міндеттері:*

- Импрессивті сөйлеу: қарапайым нұсқауларды түсіну, сын есімдер мен зат есімдерді сәйкестендіру, кеңістік қатынастарын («үстінде», «астында», «жанында») меңгеру.
- Экспрессивті сөйлеу: 2–3 сөзден сөйлем құрастыру, көпше түрді қолдану, тәуелдік жалғауларын меңгеру, қысқа сөйлемдер айту.
- Байланыстырып сөйлеу: суретке қарап сөйлемді толықтыру, қысқа әңгіме құрастыру, сұрақтарға қысқа жауап беру, өлең жолдарын қайталау.
- Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: буынға бөлу, екпінді дұрыс қою, дауысты дыбыстарды анық айту.
- Коммуникативтік дағдылар: сыпайылық формулаларын қолдану («Сәлем», «Рахмет»), қысқа диалогке қатысу, эмоцияны сөзбен және қимылмен жеткізу.

*Күтілетін нәтижелер:* қарапайым нұсқауларды түсінеді, 2–3 сөзден сөйлемдер құрайды, көпше түрді қолданады, сын есімдерді зат есіммен байланыстырады, қысқа тақпақтарды жаттайды, қарапайым қарым-қатынасқа қатысады.

**Түзете-дамыту бағдарламасы**
**ЖСТД 2- деңгей мектепалды даярлық тобы, І-жарты жылдық**

Бағдарламаны әзірлеу күні **08.09.2025ж**
Баланың тегі, аты, әкесінің аты **Ментай Батырхан Ерболұлы**
Жасы. **5жаста**
Мамандар (бейін) **Логопед**

| Мерзімі | Даму жұмысының бағыты<br>Мақсат және күтілетін нәтиже | Жетістіктерін белгілеу | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| **Қыркүйек-желтоқсан** | **Импрессивті сөйлеуді дамыту** | | |
| | - Қоршаған заттарды 2–3 сөзбен сипаттауға оқыту («Қызыл доп домалап жатыр»);<br>- антонимдер, синонимдер, заттардың және жалпылама сөздерді сөйлемде қолдануға оқыту;<br>- лексикалық тақырыптар бойынша сөздерді топтауға оқыту;<br>- балаларды барлық сөз таптарын оның ішінде сын есім, үстеу және есімдіктерді сөйлемде қолдануға оқыту;<br>- арнайы сөздер, термин сөздердің мағынасын түсініп қолдануға оқыту («Бұл сөйлем», «Бұл сөз»);<br>- белгілі бір зат пен әрекет, әрекет пен зат арасындағы байланысты түсінуге оқыту; | | |
| **Қыркүйек-желтоқсан** | **Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді дамыту** | | |
| | - сипаттама әңгімелеуді қарапайым сипаттама және салыстыру әңгімесін 2–3 сөйлеммен құрастыруға оқыту;<br>- әңгімені үлгі бойынша жоспар бойынша оқиғаны баяндауға оқыту;<br>- сызбаға сүйене отырып Сызба элементтеріне сүйеніп сөйлем құруға оқыту;<br>- Кейіпкердің эмоционалдық күйін көрсете отыра, рөл бойынша кейіпкердің эмоциясын дауыс пен қимыл арқылы жеткізуге оқыту;<br>- Ересек адамның көмегімен әңгіменің жалғасын қарапайым жалғастыру мен жайылма сөйлем | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | құрастыруға оқыту;<br>- Тәуелдік жалғаулы есімдіктерді қолдануды және «Менің кітабым», «сенің ойыншығың» түрінде қолдануға оқыту;<br>- Түрлі материал, түс, дәмге байланысты қатыстық сын есім жасауға оқыту;<br>- "үстінде", "астында", "ішінде", "одан", "оған", "сонымен" шылауларын зат есіммен қосымшалармен бірге қолдануға оқыту («Мен оған айттым»);<br>- Сөйлемде бірыңғай мүшелермен сөйлем құрастыруға оқыту;<br>- етістіктерді қосымшалармен Жұрнақ пен жалғау арқылы жаңа етістік формаларын қолдануға оқыту;<br>- дауыс ырғағы бойынша сөйлем түріне қарай интонацияны сәйкестендіруге оқыту<br>- көпше түрдегі зат есімнің ілік септігін сөйлемде қолдануға оқыту («Балалардың ойыншығы»); | | |
| **Қыркүйек-желтоқсан** | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | | |
| | - 2–3 сөзден тұратын сұрақтарға толық жауап беруге және өзі де сұрақ қоюға оқыту;<br>- Сөз сөйлеуді сөйлем ішінде мағыналық сөзге екпін қоюға оқыту;<br>- Сөйлеу кезінде «кім?», «не?», «қайда?» сұрақ сөздерін қолдануға оқыту | | |

**Түзете-дамыту көмегінің нәтижелері**

**Маман қорытындысы:**

Келісілді: ________________
№ 8 «Күншуақ » бөбекжай балабақша
әдіскері Г.Т Мамырова
«06» 01. 2026 ж.

Бекітемін: ________________
№ 8 «Күншуақ » бөбекжай балабақша
меңгерушісі м.а Г.Т Мамырова
«06» 01. 2026 ж

**2025-2026 оқу жылы**

**Жалпы сөйлеу тілі дамымаған II-деңгейдегі 5-6 жастағы балалармен жүргізілетін ұйымдастырылған іс-әрекеттің бағдарламасы**

**Екінші жартыжылдық (қаңтар-мамыр)**

**Логопед: Курманбаева А.К**

## Түсінік хат

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған ІІ-деңгейдегі 5-6 жастағы балалармен жүргізілетін түзете-дамыту бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының арнайы түзету қызметіне сәйкес және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Типтік оқу бағдарламасының (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) негізінде құрастырылған.

Бағдарлама ЖСТД ІІ-деңгейдегі балалардың жас ерекшеліктерін, сөйлеу тілінің даму сатыларын және логопедиялық диагностиканың нәтижелерін ескере отырып құрастырылды. Негізгі мақсат –қарапайым сөздер мен нұсқауларды түсінуін дамыту, сөздік қорын толықтыру, сөйлемнің қарапайым құрылымдарын меңгерту және қарым-қатынасқа қатысуға ынталандыру.

*Бағдарламаның міндеттері:*

- Импрессивті сөйлеу: жалпылама сөздерді қолдану (жыл мезгілдері, тәулік бөліктері), антонимдер мен синонимдерді меңгеру, кеңістік қатынастарын бекіту.
- Экспрессивті сөйлеу: 3–5 сөзден сөйлем құрастыру, барыс және жатыс септіктерін қолдану, сын есімдерді салыстыру, сөйлемді толық сөйлеммен айту.
- Байланыстырып сөйлеу: сюжетті сурет бойынша әңгіме құрастыру, сөйлемді жалғастыру, «және», «өйткені», «бірақ» шылауларын пайдалану, қысқа ертегі мазмұндау.
- Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сұраулы, хабарлы, лепті сөйлемдерді дұрыс интонациямен айту, дыбыстарды анық айту, фонематикалық қабылдауды жетілдіру.
- Коммуникативтік дағдылар: сұрақ қою және жауап беру, келісу немесе келіспеу үлгілерін қолдану («Иә», «Жоқ», «Жақсы»), рөлдік ойындарда қарым-қатынасқа түсу.

*Күтілетін нәтижелер:* жалпылама сөздерді қолданады, антонимдер мен синонимдерді ажыратады, 3–5 сөзден сөйлемдер құрастырады, сөйлемді толық сөйлеммен айтады, сюжетті суретке сүйеніп мазмұндайды, сұрақтарға жауап береді және құрдастарымен қарапайым диалог жүргізе алады.

**Түзете-дамыту бағдарламасы**
**ЖСТД 2- деңгей мектепалды даярлық тобы, ІІ-жарты жылдық**

Бағдарламаны әзірлеу күні **06.01.2026ж**
Баланың тегі, аты, әкесінің аты **Ментай Батырхан Ерболұлы**
Жасы. **5жаста**
Мамандар (бейін) **Логопед**

| **Мерзімі** | **Даму жұмысының бағыты**<br>**Мақсат және күтілетін нәтиже** | **Жетістіктерін белгілеу** | **Ескертпе** |
|---|---|---|---|
| **Қаңтар-мамыр** | **Импрессивті сөйлеуді дамыту** | | |
| | - Құбылыстың немесе аттың бөліктері мен жалпылама атауларын сәйкестендіріп айтуға үйрету (мысалы: үстелдің бөлігі – аяғы, беті; көлік – техника);<br>- Сөйлемде әртүрлі сөз таптарын орынды қолданып сөйлеуге бағыт беру;<br>- Белсенді сөйлеу кезінде синоним және антоним сөздерді сөйлемде қолдануға үйрету;<br>- Сөйлеу тілінде көпмағыналы сөздердің мағынасын контексте түсінуге және қолдануға бағыт беру;<br>- Түрлі жолдармен сөзжасам ережелерін тәжірибеде қолдануға үйрету;<br>- Сөздерді текте сөздерді түр, септік, жаққа сәйкестендіріп сөйлем құрауға үйрету;<br>- Себеп-салдарлы және қарсы мәнді сөйлем құрылымдарын қолдануға үйрету;<br>- Бір түбірден әртүрлі сөз жасауды үйрету және оларды сөйлеуде қолдануға бағыт беру<br>- Дауыс ырғағы бойынша сөйлемнің мақсатына сәйкес дауыс ырғағын қолдануға үйрету; | | |
| **Қаңтар-мамыр** | **Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді дамыту** | | |
| | - Сурет, сызба, схема арқылы шағын әңгіме құрауға және заттарды салыстыру негізінде сипаттама айтуға үйрету;<br>- Қарапайым әңгімелерге өздігінен атау ойлап табуға | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | және басты ойды түсінуге үйрету;<br>- Диалог құру кезінде сөйлеу этикетінің элементтерін қолдануға (мысалы: «Сәлеметсіз бе?», «Кешіріңіз», «Рақмет») үйрету;<br>- Өз ойларын бірізділікпен білдіруді және қысқа монолог құруды үйрету;<br>- Берілген тақырыпқа берілген сюжет желісін жалғастырып, әңгімені қарапайым түрде аяқтай білуге үйрету;<br>- Сөйлеу тілінде эпитеттер мен теңеулерді үлгі бойынша сөйлем ішінде қолдануға үйрету;<br>- Топ ішінде өз пікірін айтуға, әңгімені жалғастыруға және таныс емес тыңдаушы алдында сөйлеуге үйрету; | | |
| **Қаңтар-мамыр** | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | | |
| | - Көрнекі материалды бірге талқылау барысында өз ойымен бөлісуге, суретке байланысты ойын білдіруге үйрету;<br>- Бір немесе бірнеше адамға толық сөйлем арқылы нақты тапсырма немесе өтініш айтуға үйрету (мысалы: «Есікке барып, оны жапшы»);<br>- Суретке, өз тәжірибесіне немесе ойын барысына сүйене отырып, өз іс-әрекеті мен басқа адамның әрекетін сипаттауға үйрету;<br>- Диалог барысында байсалды түрде келісу немесе келіспеу пікірін толық сөйлеммен білдіруге үйрету (мысалы: «Мен келіспеймін, себебі…»). | | |

**Түзете-дамыту көмегінің нәтижелері**

**Маман қорытындысы**

Келісілді: ________________
№ 8 «Күншуақ » бөбекжай балабақша
әдіскері А.Т Атыгаева
«02»______09______ 2025 ж.

Бекітемін:______________
№ 8 «Күншуақ » бөбекжай балабақша
меңгерушісі Ж.А Саутбекова
«02»______09______ 2025ж

**2025-2026 оқу жылы**

**Жалпы сөйлеу тілі дамымаған І-деңгейдегі 5-6 жастағы балалармен жүргізілетін ұйымдастырылған іс-әрекеттің бағдарламасы**

**Бірінші жартыжылдық (қыркүйек-желтоқсан)**

**Логопед: Кенжеғалиева Г.К**

**Түсінік хат**

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған І-деңгейдегі 5-6 жастағы баламен жүргізілетін түзете-дамыту бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының арнайы түзету қызметіне сәйкес және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Типтік оқу бағдарламасының (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) негізінде құрастырылған.

Бағдарлама ЖСТД І-деңгейдегі баланың жас ерекшеліктерін, сөйлеу тілінің даму сатыларын және логопедиялық диагностиканың нәтижелерін ескере отырып құрастырылды. Негізгі мақсат –қарапайым сөздер мен нұсқауларды түсінуін дамыту, сөздік қорын толықтыру, сөйлемнің қарапайым құрылымдарын меңгерту және қарым-қатынасқа қатысуға ынталандыру.

*Бағдарламаның міндеттері:*

- Импрессивті сөйлеуді дамыту: таныс заттар мен әрекеттерді атауға үйрету, антонимдер мен синонимдерді меңгерту, лексикалық тақырыпқа сәйкес сөздерді қолдану, зат пен әрекетті сәйкестендіру.
- Экспрессивті сөйлеуді дамыту: зат есім, сын есім, етістіктерді байланыстыру, тәуелдік жалғауларын қолдану, 2–3 сөзден сөйлемдер құрастыру.
- Байланыстырып сөйлеуді дамыту: үлгі бойынша қысқа әңгіме айту, сөйлемді толықтыру, кейіпкердің эмоциясын қимылмен және сөзбен бейнелеу.
- Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: дұрыс тыныс алу, буынға бөлу, дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
- Коммуникативтік дағдыларды дамыту: қысқа сұрақтарға жауап беру, сыпайылық формулаларын қолдану, қарапайым диалогке қатысу.

*Күтілетін нәтижелер:* Қарапайым бұйрықтарды түсінеді, таныс заттарды және олардың белгілерін атай алады, 2–3 сөзден тұратын сөйлемдер құрайды, қысқа өлең жолдарын қайталайды, эмоцияны қимыл және сөзбен білдіреді, қарапайым қарым-қатынасқа қатысады.

**Түзете-дамыту бағдарламасы**
**ЖСТД 1- деңгей мектепалды даярлық тобы, І-жарты жылдық**

Бағдарламаны әзірлеу күні **08.09.2025ж**
Баланың тегі, аты, әкесінің аты **Мухаметалиева Каусар**
Жасы. **5жаста**
Мамандар (бейін) **Логопед**

| Мерзімі | Даму жұмысының бағыты<br>Мақсат және күтілетін нәтиже | Жетістіктерін белгілеу | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| **Қыркүйек-желтоқсан** | **Импрессивті сөйлеуді дамыту** | | |
| | - Қоршаған ортадағы түрлі таныс заттарды, әрекеттерді және сипаттарын атауға дағдыландыру («доп», «ойнайды», «үлкен»);<br>- антонимдер, синонимдер, заттардың топталуы бойынша жұптарды сурет арқылы қалыптастыру («үлкен – кіші», «сұлу – әдемі»);<br>- лексикалық тақырыпқа сай негізгі сөздерді айтуға дағдыландыру (мысалы, «Киімдер» – көйлек, шалбар); балаларды барлық негізгі сөз таптарын (зат есім, етістік) қолдануға үйрету;<br>- Балаларды барлық негізгі сөз таптарын (зат есім, етістік) қолдануға үйрету;<br>- арнайы сөздер – терминдерді түсініп, орындауға дағдыландыру («қайта айт», «тыңда»);<br>- Белгілі бір берілген затқа сипаттамалар мен әрекетті сәйкестендіруге үйрету («Доп – домалайды»); | | |
| **Қыркүйек-желтоқсан** | **Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді дамыту** | | |
| | - сипаттама әңгімелеуді, заттарды салыстыру бойынша 1–2 сөзбен сипаттауға дағдыландыру (мысалы: «Қыз – қуыршақ»);<br>- әңгімені үлгі бойынша, жоспар бойынша мұғалімнің үлгісін қайталап айтуға дағдыландыру;<br>- Сызбаға сүйене отыра байланыстырылған, бірізді монологтік сөз сызба бойынша 2–3 сөзбен сөйлеуге үйрету («Бала – кітап | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | – оқып отыр»));<br>- Кейіпкердің эмоционалдық күйін көрсете отыра кейіпкерді мимикамен, қимылмен бейнелеуге дағдыландыру;<br>- ересек адамның көмегімен әңгіменің жалғасын және соңынын ойдан құрастыра отырып сөйлемнің соңын 1 сөзбен толықтыруға дағдыландыру («Бала сурет…» – «салды»);<br>- Тәуелдік жалғаулы есімдіктерді қолдануды және «Менің» деген құрылымды айтуға үйрету;<br>- Түрлі материалдар, өсімдіктер, азық-түлікке негізгі сын есімдерді айтуға дағдыландыру («ағаш орындық»);<br>- "үстінде", "астында", "ішінде", "одан", "оған", "сонымен" негізгі шылауларды сөйлем ішінде қолдануға дағдыландыру («Кітап үстелде»)<br>- Сөйлемде бірыңғай мүшелерді тыңдап, қайталап айтуға үйрету («Апам, атам, інім келді»);<br>- Етістіктерді қосымшалармен және негізгі етістікті атауға дағдыландыру («Жүр», «Ойна»);<br>- Дауыс ырғағы бойынша сөйлемдерді мұғалім үлгісімен сөйлемді интонациямен айтуға үйрету<br>- көпше түрдегі зат есімнің ілік септігінде жекеше және көпше түрін айтуға дағдыландыру («дос – достар»); | | |
| **Қыркүйек-желтоқсан** | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | | |
| | - 3-4 сөзден тұратын қарапайым сұрақтарға «иә/жоқ» деп жауап беруге дағдыландыру;<br>- Сөз сөйлеуді негізгі сөзге екпін түсіруді тыңдау арқылы қалыптастыру (мысалы: «МАма келді»);<br>- Сөйлеу ағымында сұраулы интонацияны тыңдап ажыратуға дағдыландыру; | | |

**Түзете-дамыту көмегінің нәтижелері**

**Маман қорытындысы**